

100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Әнге арқау болған Балқадиша

Балқадиша...

Бұл бірауыз сөз санамызға сәулө түсірсе, ең алдымен әуезге толы Ақан серінің әні ойға оралады. Көрнекті музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов: «Әрбір ән-күй тарихтың әрбір кезеңін анық көрсетеді, тайға таңба басқандай бейнелеп береді. Сондықтан да ән-күйді халықтың басынан өткен кезеңдерді суреттейтін тарих десек қателеспейміз», – деген екен. Ақан серінің ел аузында бүгінде шырқалып жүрген, өз биігінен түспеген «Балқадиша» әнінің кейіпкері кім еді?

Жиырмасыншы, отызыншы жылдары қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, о бастағы сөзінен, мән-мағынасынан ажырады. Үкілі Ұбырайдың «Толқын» әні – «Елім бар колхоз болып дүрілдеген», «Ақбаян» әні – «Ой, Ленин, Қараңғыда көп елің» болып өзгерсе, «Балқадиша» әні әйел теңдігін шектеген ән бол шыға келеді. Бұл жөнінде көп қырлы дарын иесі, сезімі сергек, сырлы сазгер Ілия Жақанов өзінің «Жүрек пернесі» атты лирикалық эсселер жинағында ғажап суреттейді.

«Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Күйеуің сексен бесте, шал Қадиша»...

Иә, жоғарыда атап өткен әйел теңсіздігінің көрінісі осы екі жолдан-ақ анық байқалады. Балқадишаның келін бол түскен жері – Көкшетау уәлаяты, Зерендейдегі Қойайдар ауылы. Кейін бұл ауыл Сәберлі, Кенжетай атты ауылдармен қосылып, Қеңеткел колхозы аталады. Соғыс жылдары Зерендинің Қеңеткелінде ән сапарымен келген бір әнші Балқадишаны бүрмалаған сөзімен айтыпты. Сонда залда отырған Балқадиша: «Мына жазған не деп отыр?» деп биязығана мінезімен мұңая басын шайқаған екен. Сол жерде отырған ақсақал: «Аққудың көгілдіріндегі үлбіреген Балқадиша өз сүйгеніне қосылды», деп үн қатыпты.

Дәстүрлі әнші Берік Омаровтың сөзіне сүйенсек, «Балқадиша» әнін көрнекті ақын Фариза Онғарсынова Семей өніріне сапармен барғанда орындалты. Фариза апамыз: «Құшақтап құс жастықты жыладым...», деген теңеуді естіген соң, Ақан қатардағы азаматтың бірі емес, жігіттің төресі, ердің ері емес пе? Құс жастықты құшақтап, бұк түсіп жатқан Ақан серіні елестету мүмкін емес. «Құз жартасты құшақтап жыладым», деп орындасан жақсы болар еді. Кейбір әншілер «көр бестіні құшақтап жыладым...» деп орындал жүр, құлаққа жағымды естіледі. Бұл жағдайды 2017 жылғы 2 ақпанда «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Фариза ақынның аманаты» (авторы Азамат Қасым) атты шағын мақаладан оқып, қайран қалып едім. Иә, бұл шағын кездесудің өзі үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. «Аманатқа қиянат жасама» деген қазақи қағиданың бір көрінісі емес пе?

Масабай мен Ұбырай құда болып, қызы Балқадишаны Сүлейменге ұзатады. Балқадишаның шын есімі – Төкен. Әкесі Ұбырай үш рет үйленген.

Бәйбішесі Жықыштан Балқадиша және Сейітбаттал туған. Балқадиша өмірге екі ұл, үш қызы әкелген.

Неміс музыканты А.Эйхгорн: «Қазақтардың қарапайым саздары мен сөздері айналадағы табиғатпен үндесе келе, оның сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз баяндайды» деген болатын. Иә, Ақан сері сыршыл сезімін бұл әнде қалтқысыз баяндайды. «Балқадиша» әні 90 шумақтан тұрган. 1988 жылы Қайролла Жұзбасовтың құрастыруымен «Өнер» баспасынан жарық көрген еңбегінде «Балқадиша» әнінің үш нұсқасы берілген. Жоғарыда аталған бірді-екілі кемшіліктерді қалыпқа келтіріп, орындаушылар орындаса, келер ұрпақтың төлтума мәдениетін білуге бастар даңғыл жол болары сөзсіз. Орыс зерттеушісі, Шоқанның досы Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді», деп жазған. Иә, «Балқадиша» әні әлі де қазақтың аспанында қалықтай береді. Біз бұған сенеміз...

Әділбек ӨМІРЗАҚОВ